

**Ақтөбе облысы әкімдігінің бірлескен ҚАУЛЫСЫ
және облыстық мәслихаттың ШЕШІМІ**

Ақтөбе қаласы № 543/361 2018 жылғы 10 желтоқсан

Ақтөбе қаласының кейбір коммуналдық мемлекеттік білім беру мекемелеріне атау беру және қайта атау бойынша ұсыныстар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы №281 «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» қаулысына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 11-бабының 4-2) тармақшасына сәйкес, төменде көрсетілген мектептер ұжымдарының ұсыныстарын ескере отыра, Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫЕТЕДІ** және Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№14 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Хиуаз Доспанованың;

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№15 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Ілияс Есенберлиннің;

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№23 орта мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Әлімхан Ермековтің;

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ақтөбе қаласының №25 жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Мұзафар Әлімбаевтің;

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№35 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Халел Досмұхамедұлының;

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№41 жалпы білім беретін орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Фариза Оңғарсынованың;

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№70 жалпы білім беретін орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Мәлік Ғабдуллиннің;

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№71 жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Әлкей Марғұланның;

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№73 жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Мұқағали Мақатаевтың есімдерін беру туралы ұсыныстар Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының қарауына енгізілсін.

2. «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сазды орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесін – «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сайын Мұратбеков атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі деп қайта атау туралы ұсыныс Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының қарауына енгізілсін.

Облыс әкімі

Б. САПАРБАЕВ

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

Ә. САРМАНОВА